



"Қызылорда қалалық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 17 ақпандағы № 2900 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 ақпанда № 4876 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 04 мамырдағы № 5295 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 04.05.2016 № 5295 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына сәйкес, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қоса беріліп отырған "Қызылорда қалалық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

Қаулының орындалуын бақылау Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Н.Ахатовқа жүктелсін.

Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда
қаласының әкімі*

Н. Нәлібаев

Қызылорда қаласы әкімдігінің
2015 жылғы "17" ақпандағы № 2900
қаулысымен бекітілген

"Қызылорда қалалық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. "Қызылорда қалалық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлім) азаматтық хал актілерін мемлекеттік

тіркеуді жүзеге асыру саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Бөлім мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Бөлім егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлім басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 120014, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, №21.

9. Мемлекеттік органның толық атауы - "Қызылорда қалалық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Бөлімнің қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерінен, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бюджетінен (сметасынан) жүзеге асырылады.

12. Бөлім кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлімнің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

13. Бөлімнің жұмыс режимі:

1) Бөлімнің жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы аптасына 40 сағат жұмыс істейді;

2) Бөлімнің жұмыс уақыты жергілікті уақыт бойынша сағат 09.00-де басталып, сағат 19.00-де аяқталады. Сағат 13.00-ден сағат 15.00-ге дейін үзіліс;

3) Бөлім сенбі және жексенбі күндері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мереке күндері жұмыс істемейді.

Егер Бөлім заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру

құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Бөлімнің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

Бөлімнің миссиясы:

азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру саласында басшылықты жүзеге асыру.

Бөлімнің міндеттері:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің, облыс, қала әкімінің мемлекеттік мекеменің құзырына қатысты мәселелер бойынша актілер мен тапсырмаларының орындалуын қамтамасыз ету;

2) азаматтық хал актілерін тіркеуді жүзеге асыру саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру;

3) азаматтық хал актілерін тіркеу саласында іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыру;

5) азаматтық хал актілерін тіркеуде "электрондық үкімет" бағдарламасының жүзеге асырылуын қамтамасыз ету.

Бөлімнің функциялары:

1) тууды, қайтыс болуды, неке (ерлі-зайыптылықты) қию және бұзуды, ұл (қыз) бала асырап алуды, әке болуды белгілеуді, есімін, әкесінің есімін, тегін мемлекеттік тіркеу;

2) азаматтық хал актілері жазбаларын өзгертеді, толықтыру, түзету және жою ;

3) жоғалған жазбаларды қалпына келтіру;

4) бастапқы және қайталама куәліктерді, азаматтық хал актілерін тіркеу туралы мұрағаттық анықтамалар беру;

5) азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді электронды түрде " Азаматтық хал актілері жазбалары" ақпараттық жүйесі арқылы жүргізу, ықпалдастырылған ақпараттық жүйесінің жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;

6) азаматтық хал актілерін тіркеу туралы қатаң есептегі елтаңбалы куәліктердің сақталуын, жұмсалуды, есептілігін қамтамасыз ету;

7) халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы мемлекеттік қызмет көрсетуді ұйымдастыру;

8) азаматтық хал актілерін тіркеу кітаптарының тиісті жағдайда сақталуын қамтамасыз ету, тізімдеме жүргізу, түптеу, сақталу мерзіміне қарай, жою,

мемлекеттік мұрағатқа өткізу;

9) мемлекеттік азаматтық хал актілерін тіркеудің құпиялылығын қамтамасыз ету;

10) азаматтардың хал актілерін тіркеу мәселелері бойынша құқықтық насихат жүргізуді қамтамасыз ету;

11) азаматтық хал актілерінің толық, дер кезінде тіркеуді қамту мәселесі бойынша ауыл округтерімен өзара іс-қимыл жасау;

12) азаматтық хал актілерін тіркеу мәселесі бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

13) статистикалық есептердің мерзімінде берілуін қамтамасыз ету;

14) салтанатты неке қию, тууды тіркеу, ұлттық салт дәстүрлерді насихаттау.

Бөлімнің құқықтары:

"Қызылорда қалалық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзіне жүктелген міндеттерді іске асыру және өз функцияларын жүзеге асыру кезінде заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан қажетті ақпарат пен материалдарды сұратуға және алуға;

2) қолданыстағы заңнамалық актілерге көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Бөлімнің қызметін ұйымдастыру

Бөлім басшылықты Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

Бөлімнің бірінші басшысын қала әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Бөлімнің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) Бөлім қызметінің жұмысын ұйымдастырады және қызметін үйлестіреді;

2) құзыретінің шегінде Бөлім қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және босатады;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлімнің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады және көтермелеу шараларын қолданады;

4) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады;

5) өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Бөлімнің мүддесін білдіреді;

6) Бөлім басшысы сыбайлас құқық бұзушылықтарға қарсы қимыл жасауға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдау үшін дербес жауапты;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

Бөлімнің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

"Қызылорда қалалық азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын бірінші басшы басқарады.

4. Бөлімнің мүлкі

Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Бөлім өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату

Бөлім қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.